


ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Январь - сентябрь 2022 г.



\$ 133,9 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 36%
ОТП 64%

\$2,2
МЛРД

РЫНОК


\$ 799,5 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2022 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2022 Г., МЛРД ТЕНГЕ



2022 жылғы қаңтар-қыркүйектегі құрылыс материалдары өндірісі саласы бойынша ұсынылған инфографикаға түсіндірмелер

Қазақстанда құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 817,1 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2021 жылғы осы кезеңнен 27,3% жоғары (641,7 млрд тг.).

Өнімнің физикалық көлемінің индексі 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 99,6% құрады.

Заттай көріністе төмендеу төмендегі тауарлар бойынша байқалады: керамикалық өндегіш кірпіштер (-11,5%); құрылыс мақсаттарға арналған бетоннан жасалған бұйымдар (-6,7%); силикат және қожы кірпіштер (-14%); цемент, бетон немесе жасанды тастан жасалған тақтайлар және осыған ұқсас заттар (-37,3%); портландцемент (-0,4%); құрастырмалы құрылыс конструкциялары (-3,3%); тауарлы бетон (-13,3%) және т.б.

Құрылыс материалдары өнімінің экпорты 2022 ж. қаңтар-тамызда 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 0,1% өсті және 133,9 млн АҚШ долл. құрады.

Заттай көріністе экспорт көлемі 946,1 мың тоннаны құрап, 32,8% төмендеді, өткен жылы осы кезеңде 1 408,3 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 2022 жылғы қаңтар-тамызда 2021 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,6% өсуді көрсетіп, 799,5 млн АҚШ долл. құрады.

Заттай көріністе тауар көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда (2 630,8 мың тонна) 7,2% төмендеп, 2 441,2 мың тоннаны құрады.

Негізгі импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Өзбекстан.

2022 жылғы қаңтар-тамызда ҚР құрылыс материалдары нарығының көлемі 2 199,2 млн АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 64%, импорт өнімі – 36% құрайды.

Құндық мәндегі ең жоғары өндіріс көлемін ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте Астана қаласы (жалпы өндіріс көлемінде 16,1% өңір үлесімен), Абай облысы (9,9%) және Шымкент қаласы (9,5%) құрады.